

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 294 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай - ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 шілдедегі № 186 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 шілдеде № 5482 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31 – бабы 2 - тармағына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3 - бабы 2 – тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай - ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 294 қаулысына (2017 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4456 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы
әкімдігінің 2019 жылғы 15 шілдесіндегі № 186
қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы
әкімдігінің 2017 жылғы 12 желтоқсанындағы №
294 қаулысына 2 қосымша

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібі

Осы тәртіп қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарастырады.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарастыруға "Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаментінің Жамбыл ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Жамбыл ауданының ПБ) енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Комиссия көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу және бағалы сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Жамбыл ауданының ПБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Жамбыл ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

7. Көтермелеулерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, "Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті" мемлекеттік мекемесінің 252 003 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу" бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Жамбыл ауданы әкімінің құрмет грамотасын, Жамбыл ауданы әкімінің алғыс хатын, ақшалай сыйақыны, бағалы сыйлықты беруді Жамбыл ауданының ПБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.